- «ÓNEGE» жобасы шеңберінде еліміздің 9 өңірінде: Шымкент қаласы, Алматы, Ақтөбе, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Түркістан, Солтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарында әлеуметтік қызмет жұмысы ұйымдастырылды. Сонымен қатар, әлеуметтік қызмет мамандарына арналған оқыту семинар-тренингтерін, вебинарлар өткізілді, әдістемелік материалдар, бейнероликтер әзірленді. «Жанұя» мобильді қосымшасы мен lichnost.kz онлайн-платформасы іске қосылды (отбасылық өмірге дайындалып жүрген жас жұптар үшін онлайн-курстар).

- «Qorǵau» жобасы шеңберінде жастар ресурстық орталықтарында (барлығы 208) тегін құқықтық консультациялар ұйымдастырылды. Жоба аясында 20 өзекті бағыт бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарының құқықтарын қорғау алгоритмі бар арнайы сайт әзірленіп, іске қосылды.

Жастар үкіметтік емес ұйымдары Жол картасының тармақтарын жүзеге асыруға белсенді түрде атсалысты. Жастар ұйымдарын гранттық қолдау арқылы түрлі әлеуметтік жобалар жүзеге асырылды. Осылайша, гранттық қаржыландыру аясында **20 жастар ҮЕҰ жастарды қоғамдық үдерістерге тарту, қаржылық және ақпараттық сауаттылықты арттыру, суицидтік мінез-құлықтың алдын алу және профилактика жұмыстары ұйымдастырды.** Сондай-ақ шығармашыл жастарды қолдау, жастар туризмі және спорт мәселелерімен айналысты. Жастар ҮЕҰ жұмысының маңызды аспектісі еріктілікті, қайырымдылықты дамытуды, дағдарыс орталықтарын нығайтуды қамтитын әлеуметтік жауапкершілікті тәрбиелеу болды.

Сонымен қатар жастарды жұмыспен қамту бойынша «Жас кәсіпкер» және «Жас маман» сияқты перспективалы әлеуметтік жобалардың әлеуеті

әлі толық іске асырылмағанын атап өту қажет. Мысалы, «Жас маман» жобасы бойынша тек дайындық жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда,

- мүдделі мемлекеттік органдар, «Атамекен» ҰКП және жұмыс берушілердің салалық қауымдастықтары өкілдерінің қатысуымен БҒМ жанынан Комиссия құрылды;

- ЕХӘҚМ-мен бірлесіп 100 аса сұранысқа ие сервистік және индустриялық мамандық анықталды;

- облыстар және Нұр-сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктерімен бірлесіп «Жас маман» жобасына қатысу үшін 180 колледж және 20 жоғары оқу орындарының алдын ала тізбесі белгіленді;

- колледждер мен жоғары оқу орындарын іріктеудің ашықтығын қамтамасыз ету үшін «Кәсіпқор» Холдингі» КЕАҚ базасында Ақпараттық жүйе әзірленді;

- «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп жабдықтардың алдын ала тізімі жасалды;

- шетелдік серіктестермен келіссөздер басталды;

- еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті кадрлар даярлауды ұйымдастыру және қаржыландыру Ережелерінің жобасы (бұдан әрі – Ереже жобасы) әзірленді. Қазіргі уақытта Ереже жобасы мүдделі мемлекеттік органдарда келісілуде, сондай-ақ Ереже жобасына «Атамекен» ҰКП, Білім және ғылым, балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі Қоғамдық кеңес, Қазақстанның жоғары оқу орындары қауымдастығынан тұжырымдамалар алынды.

Сонымен қатар жобаны іс жүзінде іске асыру мыңдаған жас қазақстандыққа талап етілетін мамандықтар туралы білуге мүмкіндік береді және оларға болашақта жұмысқа орналасуға көмектеседі. Яғни жоба сапалы білім алуды ғана емес, сонымен қатар еңбек нарығындағы ұтқырлыққа ықпал етеді.

«Жас кәсіпкер» жобасына қатысты, бүгінгі таңда «Бастау-Бизнес» бағдарламасы аясында 18,9 мың адам оқуға жіберілді, 17,9 мың адам оқуды аяқтады, оның ішінде 14,5 мың адам бизнес жобаларын қорғады. Жоба жергілікті жерлерде жастар кәсіпкерлігін, жастар бизнес-идеяларын қолдауға ықпал ететінін атап өту қажет, олар сайып келгенде қазақстандық қоғамның сапалы әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін жағдай жасайтын болады.

«Жастар» ҒЗО-ның әлеуметтік зерттеу деректеріне сәйкес, жастардың тек **23,5%-ы ғана Жастар жылын өткізу туралы ештеңе естімеген.**

Дегенмен олардың көпшілігі теледидар (43,8%), интернет-сайттар (24,7%) және әлеуметтік желілер (24,6%) сияқты ақпараттық ресурстар арқылы білген. Сонымен қатар Жол картасы аясында іске асырылып жатқан қолдау тапқан бастамалардың үштігіне жұмыс істейтін жастар үшін жалға берілетін тұрғын үй құрылысы (18,9%), «Бастау бизнес» жобасы аясында жастарды кәсіпкерлік негіздеріне оқыту (13,5%), «Дипломмен ауылға» мамандықтар тізбесін кеңейту (13,0%) кірді.

1-кесте. Жастар жылы аясында Президент жариялаған қандай идеялар бірінші кезекте іске асырылуы тиіс деп ойлайсыз? %

№	Іс-шара	%
1.	Жұмыс істейтін жастар үшін жалға берілетін тұрғын үй салу	18,9
2.	«Бастау бизнес» жобасы аясында жастарды кәсіпкерлік негіздеріне оқыту	13,5
3.	«Дипломмен ауылға» мамандықтар тізімін және мөлшерін кеңейту	13,0
4.	«Zeren» республикалық жастар білім беру лагерін өткізу	9,3
5.	Жас қазақстандықтарға мансаптық бағдарлауға бағытталған «Өзіңді тап» жобасының басталуы	9,2
6.	Жастардың стартаптарын қолдау қорын құру мәселесімен жұмыс жасау	7
7.	Еріктілік қызметпен айналысатын жоғары оқу орындарының студенттеріне стипендия мөлшерін 30%-ға арттыру	4,8
8.	«Жасыл ел» қозғалысының негізінде «Жасыл қала - Жасыл ауыл» ұлттық жобасын жүзеге асыру	4,7
9.	Еліміздің жоғары оқу орындары мен колледждерін OpenU Университетінің платформасына қосу	4,4
10.	ҚХА «Жастар синергиясы» форумын ұйымдастыру және өткізу	3,7
11.	Жас ғалымдардың іргелі және қолданбалы зерттеулеріне гранттық қаржыландыруды ұлғайту	2,9
12.	Отбасылық кеңес беру үшін бірқатар әлеуметтік жобаларды іске асыру	2,8
13.	Жастар арасындағы суицидтік мінез-құлықтың алдын алуға бағытталған іс-шаралар кешенін жүргізу	2,5
14.	«Қазақстанды таны» жас блогерлер форумын өткізу	1,9
15.	Өңірлік жастар чемпионаттарын өткізу практикасын жаңарту	1,4



Жалпы Жастар жылына арналған Жол картасының шаралары жастардың әлеуметтік және азаматтық белсенділігін арттыруға, жастар бастамаларын қолдауға бағытталған көптеген шараларды қамтиды. Нәтижесінде жас қазақстандықтардың 17,2%-ы ғана мемлекет жастарға ештеңе жасамайды деп санайды.

2.2. Өңірлер бойынша Жастар жылын өткізу бойынша жол карталарын зерделеу (өңірлердегі жастардың өзекті мәселелерін және оларды шешу бойынша қолданылатын тиісті шараларды анықтау мақсатында Жол карталарына, бастамашыл жобалар мен ресми құжаттарға салыстырмалы талдау жүргізу).

Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру барлық жерде жүргізіледі. Осы мақсатта әрбір облыс пен республикалық маңызы бар қаланың даму ерекшелігін ескере отырып, Жастар жылын өткізу жөніндегі өңірлік Жол карталары әзірленді. Бұл демографиялық факторлармен де, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштермен де түсіндіріледі. Мысалы, **оңтүстік облыс жастарының солтүстіктен сандық басымдылығы байқалады**. Алматы, Түркістан облыстары, сондай-ақ Алматы және Шымкент қалалары елдегі жалпы жастар санының 39,4% құрайды. Егер біз Жамбыл және Қызылорда облыстарын аталған әкімшілік бірліктерге қосатын болсақ, онда олардың үлесі 50%-дан асады. Осыған қарамастан, Қазақстанның барлық аймақтарында жастар мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі болып қала береді.

Республикалық Жол картасы аясында бірнеше өңірлерде идеологиялық бағыттағы негізгі іс-шаралар өткізілді. 2019 жылы 21 мамырда Қостанай қаласында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың қатысуымен **Қазақстан-Ресей жастар ынтымақтастығы бірінші форумы өтті**. Форум барысында әлеуметтік жобалар, ерікті бастамалар таныстырылды. Форум қорытындысы бойынша **Мемлекет басшысы Ұлттық еріктілер желісінің бастамасын қолдап, 2020 жылды Еріктілер жылы деп жариялау туралы шешім қабылдады**.

1-30 шілде аралығында Ақмола облысының Зеренді ауданында **«Zeren» республикалық білім беру жастар лагері өтті**. Лагерьге 18-29 жас аралығындағы жастар қатысты, іс-шараның жалпы қамтылуы бүкіл Қазақстаннан 600 адамды құрады.

Бұған дейін атап өтілгендей, аталған іс-шаралар ағымдағы мемлекеттік жастар саясатының негізгі идеологиялық нарраторларын бекітіп, болашақты дамытудың стратегиялық бағыттарын айқындады.

Жергілікті атқарушы органдардың ақпаратына сәйкес өңірлік Жол карталарын зерделеудің егжей-тегжейлі талдауы келесі нәтижелерді көрсетті.

Ақмола облысы.

«Жас кәсіпкер» жастар кәсіпкерлігін дамыту жобасы аясында 1037 адам оқытылды, жоспар бойынша 950 адам, бұл 109,2% құрайды. Ақмола облысының жергілікті атқарушы органдары жас кәсіпкерлердің 41 өтінішін қабылдады, оның ішінде **39 млн теңге сомасына 14 мемлекеттік грантты мақұлдады.** «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бойынша ауыл жастарынан 53 жас адам, қала жастарынан 107 адам шағын несие алды. Жалпы сомасы 80,8 млн теңгені құрады.

«Дипломмен ауылға» жобасы аясында 410 адамға 69 млн. теңге көлемінде жәрдемақы тағайындалды, оның ішінде келесі салалардағы мамандар: білім – 315 адам, денсаулық сақтау – 72, мәдениет – 7, агроөнеркәсіп кешені – 6, спорт – 6, әлеуметтік қамсыздандыру – 4. Жұмыспен қамту мәселесіне келетін болсақ, жыл басынан бері жастар ресурстық орталықтары 500 жасты жұмысқа орналастыруға көмек көрсеткенін атап өткен жөн.

Қала және ауыл жастарын жан-жақты дамыту мақсатында коворкинг-орталықтар ашылып, онда жұмыспен қамтылмаған жастарды әлеуметтендіруге бағытталған іс-шаралар, сондай-ақ жұмыссыз жастарды еңбек нарығының қазіргі жағдайына бейімдеуге бағытталған тренингтер, шеберлік сыныптар өткізіледі. Қазіргі уақытта облыс аумағында 13 коворкинг-орталық жұмыс істейді (Көкшетау қаласында, Ақкөл, Бурабай, Егіндікөл, Ерейментау, Қорғалжын, Целиноград және т.б. аудандарда).

Жалпы облыс бойынша жастарға бағытталған бірқатар іс-шаралар өткізілді.

Ақтөбе облысы.

Өңірдің басты оқиғаларының бірі – Ақтөбе қаласының 150 жылдығы болды. Осы тарихи күнді, сондай-ақ Жастар жылын мерекелеу аясында **«Жастарға қолжетімді 150 пәтер» бағдарламасы** іске қосылды, пәтерлердің кілті жас отбасылар мен мамандарға табысталды.

«Жас кәсіпкер» республикалық жобасы бойынша 1204 адам оқытылды. Сондай-ақ 315 жас өз бизнес жобаларын қорғады, олардың 135-і гранттық қаржыландыруға ие болды.

Барлығы Жастар жылында 1000-нан астам іс-шара өткізіліп, олардың саны 70 мыңнан астам адамды құрады.

Алматы облысы.

Жастар кәсіпкерлігін қолдау мақсатында 273 адамға жаңа бизнес-жобаларды жүзеге асыруға бағытталған 137,9 млн. теңге сомасында гранттар берілді. Жобалардың көпшілігі «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде іске асырылды.

Атырау облысы.

Жол картасын іске асыру жастарға «Бастау Бизнес» жобасы аясында 1 949,3 млн теңге (453 адам) шағын несие алуға мүмкіндік берді. Жалпы жастар саясаты басқалары сияқты «Жастар тәжірибесі» ағымдағы мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жүзеге асырылуда.

Шығыс Қазақстан облысында да республикалық Жол картасына сәйкес әлеуметтік жобалар жүзеге асырылуда.

Жамбыл облысы.

«Бастау Бизнес» жобасы аясында шамамен 483 адам оқытылды, 227 жас 976,1 млн. теңге көлемінде шағын несие алды, ал 360 адам 181,8 млн теңге көлемінде қайтарымсыз гранттық қаржыландыруға қосылды. Сонымен қатар «Бизнестің жол картасы-2020» жобасының аясында 153 адам бизнес-идеяларын қорғап, 314 миллион теңге көлемінде грант алды.

Еңбек жастарын қолдау мәселелері жеке назар аударуды талап етеді. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша 437 жас маманға 81,1 млн теңге көлемінде біржолғы жәрдемақы төленді, сондай-ақ 725,1 млн теңге жеке тұрғын үй сатып алуға 201 маманға бөлінді.

Батыс Қазақстан облысында да басқа аймақтардағыдай, «Жас кәсіпкер» бағдарламасы кеңінен жүзеге асырылуда, 1000 адам оқытылып, олардың 816-ы бизнес жобаларын қорғады, 334-і грант, 1-уі шағын несие алды. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы 599 жас маманды қамтыды, олар 229,3 млн. теңге мөлшерінде біржолғы жәрдемақы алды. Оның ішінде ауылдық жерлерге келген 369 маманға тұрғын үй сатып алуға 1,2 миллиард теңге бөлінді.

Қарағанды облысы.

Жастар кәсіпкерлігін қолдау және дамыту үшін «Жас кәсіпкер» жобасы аясында 200 АЕК мөлшерінде 550 грант бөлінді, оның ішінде 206 жас грант алды. Сонымен қатар жастарға арналған «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша 27 миллион теңге көлемінде қайтарымсыз гранттар қарастырылған. «Дипломмен ауылға» жобасы аясында 2019 жылдың

басынан бастап ауылдық жерлерге басым мамандықтар бойынша 128 жас маман келді (2017 ж. - 151, 2018 ж. - 386).

Жалпы облыс бойынша 45 000 жас адамды қамти отырып, 300-ден астам іс-шара өткізілді.

Қостанай облысында «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында жас кәсіпкерлерді гранттық қаржыландыруға республикалық бюджеттен қосымша 30 млн. теңге бөлінді (қолданыстағы 30 млн. теңгеге қосымша). Алайда осы қаражат аясында жас кәсіпкерлердің жалпы сомасы 31 миллион теңгені құрайтын 11 жобасы мақұлданды. Сондай-ақ өнімді жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында жастар қатарындағы тұлғаларға жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға 271 грант берілді.

«Дипломмен ауылға» жобасын жүзеге асыруда 2019 жылы 314 маманға (оның 87-і медициналық мамандықтар үшін) 55 млн. теңгеге көтерме жәрдемақы тағайындалды. Сондай-ақ 217 маманға (оның ішінде 58 медициналық мамандықтар үшін) 821 миллион теңгеге тұрғын үй сатып алуға әлеуметтік қолдау көрсетілді.

Қызылорда облысының билік өкілдері Жастар жылын өткізу бойынша Жол картасының басым бағыттарын белсенді жүзеге асыруда. «Бастау Бизнес» жобасы аясында 825 адам оқытылды, оның 141-і шағын несие алды, ал 309-ы мемлекеттік грантқа қол жеткізді. Сондай-ақ «Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасы жас кәсіпкерлердің 44 бизнес-жобасына 21 млн теңге көлемінде қаржы алуға мүмкіндік берді.

Осы орайда **Павлодар облысында** жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік жобалардың аясында 29 жасқа дейінгі жастардың 6943-і жұмыс қауіпсіздігімен қамтылды. Өнімді жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында 254 жасқа 200 АЕК (505 000 теңге) көлемінде гранттар берілді.

Солтүстік Қазақстан облысы.

«Дипломмен ауылға» жобасы аясында тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін 190 жас маманға бюджеттік несие берілді. Одан бөлек аудан бюджетінен 363 маманға көтерме жәрдемақы төленді. «Жас кәсіпкер» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздері бойынша 543 адам білім алса, оның ішінде 331 адам оқуды аяқтады.

Маңғыстау және Түркістан облыстарында жастар саясаты саласындағы бірқатар мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға баса назар аударылды.

Республикалық маңызы бар үш қалада Жол картасы бекітіліп, тиісті іс-шаралар іске асырылды. Республикалық деңгейде **Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында жалға берілетін тұрғын үй құрылысына 21,6 млрд теңге бөлу туралы** шешім қабылданды. 2019-2021 жылдар аралығында 9000 пәтер салынатын болады. 5 жылға сатып алу құқығынсыз жалдамалы тұрғын үй алуға үміткер болып жұмыс істейтін жастар – жалпы білім беретін мектептердің және (немесе) техникалық және кәсіптік және (немесе) орта білімнен кейінгі және (немесе) жоғары, және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын меңгерген және еңбек қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының 29 жасқа дейінгі азаматтары бола алады.

Жалпы **Жастар жылын өткізу туралы өңірлер бөлінісінде хабардар болу деңгейін** жеке атап өткен жөн. Ең көп ақпараттанған жастар Түркістан (82,2%) және Ақтөбе (70,7%) облыстарында, Шымкент қаласында (75,0%), ең төмен көрсеткіш Қарағанды (47,7%) және Қостанай облыстарында (47,2%), Нұр-Сұлтан (47,1%) қаласында. Сараптама көрсеткендей, оңтүстік өңірлердің тұрғындары басқа өңірлерге қарағанда ақпараттанған болып шықты, ал еліміздің солтүстігінде: Қарағанды, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында сұралған жастардың 50%-ы дерлік 2019 жылды Жастар жылы деп жарияланғанын естімеген.

2-кесте. Қазақстанда 2019 жыл Жастар жылы деп жарияланғанын білесіз бе? %

№	Аймақ	Иә, бұл туралы жақсы білемін және тіпті жастар күніне арналған іс-шараларға қатысты	Иә, бұл туралы жақсы білемін, бірақ іс-шараларға қатысқан жоқпын	Бұл туралы бірдеңе естідім	Жоқ, бұл туралы ештеңе естімедім
1.	Ақмола облысы	37,8	24,4	28,9	8,9
2.	Ақтөбе облысы	39,7	31,0	10,3	19,0
3.	Алматы облысы	8,7	38,1	34,1	19,0
4.	Атырау облысы	9,5	23,8	23,8	42,9
5.	Шығыс Қазақстан облысы	36,7	35,4	20,3	7,5
6.	Жамбыл облысы	8,1	60,8	16,2	14,9
7.	Батыс Қазақстан облысы	4,9	39,0	43,9	12,2
8.	Қарағанды облысы	11,6	20,9	19,8	47,7
9.	Қостанай облысы	0,0	15,1	37,7	47,2
10.	Қызылорда облысы	29,1	27,3	14,5	29,1
11.	Маңғыстау облысы	2,2	30,4	47,8	19,6
12.	Павлодар облысы	18,2	29,5	9,1	43,2
13.	Солтүстік Қазақстан облысы	3,1	15,6	43,8	37,5
14.	Түркістан облысы	39,3	42,9	9,3	8,6
15.	Нұр-Сұлтан қ.	0,0	2,9	50,0	47,1
16.	Алматы қ.	11,0	34,6	29,9	24,4
17.	Шымкент қ.	18,4	56,6	19,7	5,3

Дереккөз: «Жастар» F3O, 2019



Жастар жылын өткізу жөніндегі өңірлік Жол картасы шеңберінде іске асырылған іс-шараларды талдау барысында келесі үрдістер анықталды.

Біріншіден, өңірлік бөліністе Жастар жылын өткізу жөніндегі барлық Жол карталары қандай да бір өңірлік арнайы жобаларды қамтымаған ҚР Үкіметі бекіткен республикалық Жол картасын қайталайды.

Екіншіден, іске асырылып жатқан іс-шаралардың көпшілігі екі міндетті шешуге бағытталған: кәсіпкерлік негіздеріне оқыту және гранттық қолдау алу. Сонымен қатар олардың барлығы «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Бизнестің жол картасы 2020», «Дипломмен ауылға» бағдарламалары сияқты жүзеге асырылып жатқан ауқымды мемлекеттік бағдарламалар аясында жүзеге асырылып жатыр.

Үшіншіден, жастар арасында Жастар жылы аясында өткізіліп жатқан іс-шаралар туралы, әсіресе елдің солтүстік аймақтарында ақпараттану деңгейі төмен. Дәл осындай жағдай елдің батыс өңірлерінде де байқалады.

2.3. Жастарды мемлекеттік қолдау бойынша қолданыстағы шараларға талдау жүргізу (басым бағыттар бойынша мемлекеттік органдардың қолданыстағы кешенді шараларын қарастыру: әлеуметтік қамсыздандыру, бастамаларды қолдау, білім және ғылым, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және т.б.).

Қазақстандағы жастар саясаты – елдің негізгі даму басымдықтарының бірі. Соңғы жылдары мемлекет пен жастар арасындағы қатынастарды реттеуге бағытталған негізгі құжаттар қабылданды. Атап айтқанда, «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V Қазақстан Республикасының Заңы мемлекеттік жастар саясаты саласындағы туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін негізгі нормативтік-құқықтық құжат болып табылады. Онда мемлекеттік жастар саясатының мақсаты, міндеттері мен қағидаттары, сондай-ақ жастарды, оның әлеуметтік және саяси құқықтарын мемлекеттік қолдау тетіктерін іске асыру механизмі бекітілген. Осы заңның алдында 2004 жылғы 7 шілдедегі №581 «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы болды. Бұдан басқа түрлі мемлекеттік және салалық бағдарламалар белгілі бір дәрежеде мемлекеттік жастар саясатының саласын реттеді: Жастар саясатының 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы, Қазақстан Республикасының азаматтарын патриоттық тәрбиелеу жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы және т.б.

3-кесте. Жастар саясатын дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың тізімі²¹

№	Бағдарламалар атауы	Жауапты мемлекеттік орган
1.	1999 жылғы мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы	Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі
2.	2001 жылғы «Қазақстан жастары» бағдарламасы	
3.	Жастар саясатының 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасы	Мәдениет министрлігі

²¹ Қазақстанның жастар саясаты: мемлекеттік бағдарламалар, құндылықтар және әлеуметтену, <https://strategy2050.kz/ru/news/51269/>

4.	«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі №581-II Заңы	
5.	Жастар саясатының 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы	Білім және ғылым министрлігі (2016 жылғы 13
6.	Қазақстан Республикасының азаматтарын патриоттық тәрбиелеу жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы	қыркүйектен бастап - Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі, 2018 жылдың 2
7.	Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы	шілдесінен бастап - Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігі, 25 ақпан 2019 ж. -
8.	«Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы	Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі)
9.	«Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бірінші кезең - 2013-2015)	
10.	«Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V Заңы	
11.	«Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (екінші кезең - 2016-2020 жж.)	

Мемлекеттік жастар саясаты саласындағы қабылданған негізгі нормативтік-құқықтық құжаттар қазақстандық жастардың рухани, мәдени, білім беру, кәсіби қалыптасуы мен физикалық дамуы үшін әлеуметтік-

экономикалық жағдай жасауға, оның шығармашылық әлеуетін бүкіл қоғамның мүддесіне ашуға мүмкіндік берді. Осы нормативтік-құқықтық актілердің аясында жастарды дамытудың басым бағыттары бойынша үкіметтік шаралар қабылданды: *әлеуметтік қамсыздандыру, бастамаларды қолдау, білім және ғылым, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және басқалар.*

Жастарды әлеуметтік-экономикалық жағынан қолдау туралы айтар болсақ, еңбек және жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік жастар саясаты жастарды жұмыспен қамту, қоғамдық жұмыстарды дамыту және жастарды кәсіптік және біліктілікті арттыру курстарына даярлау жөніндегі арнайы жобаларды іске асыру арқылы жүзеге асырылады. Мұнда бірден бірнеше мемлекеттік бастамаларды атап өткен жөн. **2009 жылдың шілдесінде**, он жыл бұрын басталған **«Дипломмен ауылға» жобасы ең танымал болды және өзінің тиімділігін дәлелдеді.** Жастар бұл жобаны жақсы біледі және мұны 2019 жылы «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы жүргізген әлеуметтік зерттеу растайды. Атап айтқанда, бұл жоба туралы жас ұрпақтың әрбір екінші өкілі біледі (42,3%). Жалпы **бағдарламаны іске асыруды қолға алғалы оған 60 мыңнан астам адам қатысты.** Ресми деректерге сәйкес, мамандықтар бойынша ең көп сұранысқа ие білім беру саласы, оған 42 745 адам (71,2%) тартылды. Екінші орында – денсаулық сақтау. Бұл саланы 12 705 адам (21,2%) таңдады. Одан әрі агроөнеркәсіптік кешен мамандықтары 1 665 адам (2,8%) және мәдениет мамандықтары – 1 604 (2,7%). Сұранысқа сай соңғы орында спорт саласы – 863 (1,4%), әлеуметтік қамтамасыз ету саласы – 483 (0,8%). Ауылдық елді мекендерге тартылған мамандар 7,4 млрд.теңге көлемінде көтерме жәрдемақы алды. Оның ішінде 27,5 мыңнан астамы тұрғын үй сатып алуға 70,6 млрд теңгеге бюджеттік несие алды.

2019 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 2 527 маманға тұрғын үй сатып алуға жалпы сомасы 9,1 млрд теңге бюджеттік несие берілді. Ал 5 172 маманға жалпы сомасы 911,4 млн теңгеге көтерме жәрдемақы берілді²². «Дипломмен ауылға» жобасын іске асыру нәтижесінде келген мамандардың **жалпы санынан 95%-ы ауылда өмір сүруге және жұмыс істеуге қалды.** Осылайша жас мамандарды жұмысқа орналастыру мәселесі ғана шешіліп қоймай, ауыл халқының білікті мамандарға деген қажеттілігі бойынша мәселелер де шешілді.

²² «Дипломмен ауылға». 10 жыл ішінде бағдарламада не өзгерді. <https://strategy2050.kz/ru/news/53517/>

Студент жастарды мемлекеттік қолдау шараларын бөлек тармақпен атап өту керек. 2019 жылдың наурыз айында еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2022 жылдың соңына дейін кемінде 75 мың орындық жаңа студенттік жатақханалардың құрылысын қамтамасыз етуді тапсырды. Бұл студенттердің алдағы жылдардағы тұрғылықты жерлеріне қатысты мәселені толығымен шешуге мүмкіндік береді. 1 қыркүйектен бастап Президент Қ.К. Тоқаев **техникалық және кәсіптік білімнің жұмысшы мамандықтары бойынша оқитын 122,5 мың адамның стипендияларын 30%-ға арттыруды** тапсырды²³. Жалпы тәуелсіздік жылдары 2,8 миллион жоғары білімді маман дайындалды. Егер 1991 жылы жоғары білімі бар жастардың саны 42 мың адамды құраса, 2018 жылы - 150 мыңнан асты²⁴. Нәтижесінде отандық білімнің қол жетімділік факторы халықаралық аренада беделге ие болды. Жастардың сауаттылығының жаһандық индексі бойынша Қазақстан әлемдегі **155 мемлекеттің ішінде 15-ші орында**.

1993 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бекіткен «Болашақ» халықаралық стипендиясы еліміздің кадрлық әлеуетін дамытуға және қалыптастыруға ерекше үлес қосып отыр. Осы білім беру бағдарламасының 26 жылы ішінде шамамен 13 000 стипендия тағайындалды. 2014 жылы «Болашақ» президенттік бағдарламасы Британдық Кеңес пен Герман академиялық алмасулар қызметі зерттеулерінің қорытындысы бойынша Майами қаласында (АҚШ) өткен Going Global VIII халықаралық конференциясында әлемдегі ұқсас 11 шәкіртақы бағдарламасы бойынша үздік деп танылды. «Болашақ» стипендиясының халықтың қалың жігі үшін қол жетімділігі, дайындық пен одан кейінгі жүргізудің дәлдігі ерекше атап өтілді²⁵.

Өз кезегінде, ғылым саласында қабылданған стратегиялық қадамдардың арқасында бүгінде ғалымдардың үштен бірі - жастар²⁶ және олардың әлеуеті зор. Осы тұрғыда жас ғалымдардың іргелі және қолданбалы зерттеулерді гранттық қаржыландыруды 3 миллиард теңгеге ұлғайту жөніндегі мемлекеттік бастамасы өзекті болып табылады. Жалпы 2019 жылы ғылым саласына 43 миллиард теңге бөлінсе, келесі жылы – 63 миллиард теңге бөлінетін болады. Осылайша білім және ғылым

²³ Қазақстанда стипендия артады: студенттер қанша алады, <https://ru.sputniknews.kz/education/20190628/10745542/stipendii-studenty-povishenie-kazakhstan.html>

²⁴ Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жастар жылының ашылу салтанатында сөйлеген сөзі, http://www.akorda.kz/ru/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-prezidenta-kazahstana-na-nazarbaeva-na-torzhestvennoi-ceremonii-otkrytiya-goda-molodezhi

²⁵ «Болашақ» бағдарламасының тарихы, <https://www.bolashak.gov.kz/ru/o-stipendii/istoriya-razvitiya.html>

²⁶ Асхат Аймағамбетов: «Біз білім саласында сыбайлас жемқорлықтың барын мойындауымыз керек», <https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-interview-minister-of-education-askhat-aimagambetov/30215207.html>

саласындағы қазіргі мемлекеттік қолдау шаралары бұл бағыттар мемлекеттік жастар саясатын дамытуда маңызды фактор болып табылатындығын көрсетеді. Жас қазақстандықтардың білімінің жоғары деңгейі және олардың ғылыми әлеуеті елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға тікелей әсер етеді.

Осы орайда жастардың басқа мемлекеттік бағдарламалар туралы да жақсы білетінін айта кету керек. Мысалы, «Жасыл ел» мемлекеттік жастар жобасы туралы сұралғандардың 39,2%-ы біледі. Жастардың «Болашақ» халықаралық стипендиясы туралы хабардар болу деңгейі 30,9%-ды құрайды. «Жастар тәжірибесі» және «Серпін-2050» жобалары жастарды қолдау бойынша танымал бес жобаның тізіміне енеді, бұл тиісінше 23% және 20,5%. Дегенмен **«Жастар корпусын дамыту» мен «Жастар кадрлық резерві» жобалары жастар арасында кеңінен танымал болуды қажет етеді**, өйткені бұл бағдарламаларды білетін және естіген жастар тиісінше 2% және 1,8%-ды ғана құрады.

Жұмыспен қамту мәселесі жас қазақстандықтардың негізгі сұраныстарының бірі болып қала береді. Осы мақсатта 2009 жылдан бастап жұмыс орындарында алынған мамандыққа сәйкес өңірлерде тәжірибелер мен тағылымдамалар ұйымдастырылды. Мәселен, **«Жастар практикасы» бағдарламасы** аясында 2018 жылы 27,5 мың жас маман жұмысқа жіберілді. Қазіргі уақытта жастар практикасы үшін жалақы 25 айлық есептік көрсеткішті құрайды, қаражат республикалық немесе жергілікті бюджеттен бөлінеді. 2017 жылдан бастап **«Баршаға арналған тегін техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖБ)» жобасы** жүзеге асырыла бастады. Оқумен ҰБТ тапсырмаған, оқу орындарына түспеген және қолайсыз отбасынан шыққан тұлғалар қамтылған. Аталған жобаның барлық қатысушылары оқу ақысын төлеу, бір рет ыстық тамақпен, стипендиямен, жолақымен қамтамасыз етіледі. Жобаны іске асыру басталғаннан бері екі жыл ішінде 41 мың жас тегін техникалық және кәсіптік оқумен қамтылған, бұл оларға бірінші мамандық алуға мүмкіндік берді, еңбек нарығында сұранысқа ие біліктіліктер мен дағдылар бойынша 41,5 мың қысқа мерзімді кәсіптік оқумен қамтылған. Қысқа мерзімді кәсіптік оқуды аяқтағандардың ішінен **23,4 мың адам немесе 68% тұрақты жұмыс орындарына орналастырылды**²⁷.

Сонымен қатар, жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мақсатында **жастар кәсіпкерлігін дамыту кеңінен қолдау табуда**. Мемлекет тарапынан

²⁷ Азаматтарды жұмыспен қамту және оқу курстары: нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлік бағдарламасын іске асырудың негізгі нәтижелері, <https://www.zakon.kz/4952697-trudoustroystvo-grazhdan-i.html>

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша жастар кәсіпкерлігіне арналған гранттар көлемін екі есеге ұлғайту көзделіп отыр. Сонымен үш жыл ішінде 600 адамға грант беріледі. Сонымен қатар үш жыл ішінде 15 мың жас кәсіпкерге өздерінің бизнес-идеяларын жүзеге асыру үшін шағын несие беріледі. Бұл «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Мемлекеттік жастар саясатын дамытудың тағы бір басым бағыты - жастар бастамаларын қолдау. 2008 жылдың шілдесінен бастап **Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңес** жұмыс істейді, ол жастарға қатысты мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру бойынша басымдықтарды айқындау бойынша ұсыныстар әзірлеумен айналысады. 2012 жылдың сәуір айында Қазақстан халқы Ассамблеясының XIX сессиясында Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасы бойынша **«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы** құрылды. Орталықтың негізгі мақсаты барлық жастар санатындағы түрлі проблемаларды ерте анықтау және алдын-алу бойынша жастар ортасындағы үдерістерді терең зерттеу болып табылады²⁸. Сондай-ақ «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы Заңының 24-бабының 2-тармағына сәйкес «Жастар» ММ зерттеу жүргізеді және мемлекеттік жастар саясатын іске асыруға әдістемелік қолдау көрсетеді. Жастар мен жастар ұйымдарын қолдау және дамыту бойынша қызмет көрсету мақсатында құрылған **жастардың ресурстық орталықтарының** жайын айрықша айта кету керек. Барлық осы институционалды тетіктер мемлекет пен жастар арасында кері байланыс орнатуға, ең алдымен жас қазақстандықтардың қажеттіліктерін зерделеуге, жастар бастамаларын ашуға мүмкіндік береді.

Бұл жерде жастар саясаты саласындағы стратегиялық міндеттерді іске асыру үшін мемлекет қабылдаған бірнеше кешенді шаралар ғана келтірілген. Осылайша, мемлекет жастарды қолдау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізуде.

²⁸ «Жастар» ФЗО тарихы, <http://eljastary.kz/history>

ҰСЫНЫСТАР

Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру тетіктерін одан әрі жетілдіру үшін:

1. Жастар саясаты саласындағы жүзеге асырып жатқан мемлекеттік жобаларға олардың тиімділігі тұрғысынан талдау жасау. Бұл шара мемлекеттік бағдарламаларды өзектендіруге және оларды одан әрі ұзартуға ықпал етеді;
2. «Қазақстан жастарының өмірі қандай» екенін білу үшін жастар ортасында наразылықтардың көбеюі, көші-қон, әлеуметтік-мәдени дамудың төмендеуі, қазақ тілді жастар және басқалары туралы бірқатар әлеуметтік зерттеулер жүргізу қажет. Бұл зерттеулер идеологиялық бағыттағы жаңа стратегиялық құжаттарды әзірлеу үшін қазіргі қазақстандық жастардың құндылықтары мен мүдделерін анықтауға көмектеседі;
3. Волонтерлер қозғалысының жалпы стратегиясын әзірлеу мүмкіндігін қарастыру. 2020 жыл Волонтер жылы деп жарияланғандықтан жастардың жұмысы жаңа стратегияның дамуына елеулі үлес қосуы мүмкін;
4. Аймақтық ерекшеліктерді, оның ішінде этникалық, гендерлік және жас ерекшеліктерін, жастардың әртүрлі деңгейлері мен санаттарының басқа ерекшеліктерін ескеретін интегралды және жүйелі механизм жасау. Атап айтқанда, нормативтік-құқықтық базаның негізінде республикалық және аймақтық деңгейлерде МЖС енгізуге және жастар ортасындағы проблемаларды шешуге стратегиялық көзқарасты дамыту қажет;
5. Барлық деңгейлердегі консультативті-кеңесші органдардың қызметін, МЖС барлық қатысушыларын, оның ішінде жастар ұйымдарының өкілдерінің қатысуымен өзекті проблемаларды, МЖС қаржыландырудың келесі қадамдары мен мүмкіндіктерін қарап, бірлескен шешімдер қабылдауға қабілетті, жалғыз диалогтік алаң ретінде жаңарту;
6. Әлсіз және күшті жақтарын анықтауға көмектесетін және МЖС іске асырылуын жүйелендіретін МЖС индикаторларының жүйесін пысықтау.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жастар жылында республикалық және аймақтық деңгейде жүзеге асырылған ауқымды іс-шаралар мен жобаларға жасалған талдау, сондай-ақ жастарға мемлекеттік қолдаудың қолданыстағы шаралары мемлекеттік мекемелер жүйелі негізде тәжірибелік қадамдардың теңгерімді және жүйелі саясатын жүргізетінін көрсетті. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда тұжырымдамалық бағдарламалар мен жобалардың маңызды құқықтық базасы жасалды, олардың мақсаты жастардың өзін-өзі жүзеге асыруы үшін әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасау болды. Әрбір мемлекеттік бағдарлама белгілі бір салада, соның ішінде әлеуметтік қамсыздандыру, жастарды жұмыспен қамту, білім және ғылым, жастар кәсіпкерлігі және бастамаларды қолдау саласындағы нақты нәтижелерге бағытталған.

Бүгінгі таңда ел жастарының көпшілігі мемлекеттік қолдауға сүйенеді. 2019 жылы «Жастар» ҒЗО жүргізген әлеуметтік зерттеуге сәйкес жастардың **43,5%-ы ең алдымен мемлекет жастардың проблемаларын шешуі керек деп санайды.**

4-кесте. Сіздің ойыңызша бірінші кезекте жастардың мәселелерін кім шешу керек? %

№	Жауаптылар	%
1.	Мемлекет (Президент, Үкімет)	43,5
2.	Жастар өз мәселелерін өздері шешуі тиіс	21,3
3.	Жастардың ата-аналары	16,7
4.	Қала/ауыл әкімдіктері	8,5
5.	Қоғамдық ұйымдар	4,7
6.	Мектеп мұғалімдері, оқытушылар	2,6
7.	Жауап беруге қиналамын	2,7

Сондай-ақ, жастар санындағы аймақтық айырмашылықтар - жастардың жартысынан көбі елдің оңтүстігінде тұрады - еңбек ресурстарын орналастыру және болжау, оларды одан әрі әлеуметтік қамсыздандыру және жастардың басқа да сұраныстарының арасындағы айырмашылықты білдіреді. Алайда Жастар жылына арналған Жол карталарын аймақтар бойынша зерттеу көрсеткендей, іс-шаралар аймақтық ерекшеліктерді ескерусіз жалпы идеологиялық бағытқа сәйкес жоспарланған.

Жалпы Жастар жылында жүзеге асырылған іс-шаралар мемлекеттік жастар саясатының жаңа кезеңінің құрылуы мен дамуына айтарлықтай үлес қосқанын атап өткен жөн. Қазақстандық жастарды әлеуметтік үрдістерге



тартудың келесі маңызды қадамы – ел Президенті Қ. К. Тоқаевтың 2020 жылды «Волонтер жылы» деп жариялауы.

Бүгінгі таңда қазақстандық жастар жаңа жаһандық сын-тегеуріндерге тап болып отыр, олардың ішіндегі ең бастысы – жұмысқа орналасу мәселесі. Өз кезегінде мемлекеттік институттар тарапынан, бұрын атап өтілгендей, түрлі қолдау шаралары қабылдануда, өйткені жастар – мемлекеттің ең басты стратегиялық ресурсы, бүкіл елдің бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын болашақ ресурсы. Осылайша, жастар саясаты мемлекеттің ішкі саясатының құрамдас бөлігі бола отырып, мемлекеттік институттар мен қоғамның өзара іс-қимылын талап етеді.



Аннотация

Методический материал «Год молодежи: новые вызовы и возможности» подготовлен в рамках выполнения государственного задания Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан.

В данном аналитическом материале представлен зарубежный опыт проведения года молодежи, а именно анализ форматов мероприятий и их результативность. Особый акцент был сделан на обзоре основных мероприятий, реализованных в Казахстане в рамках Года молодежи в 2019 году, а также анализе действующих мер государственной поддержки молодежи. В методическом материале содержатся практические рекомендации для центральных государственных и местных исполнительных органов, организаций гражданского сектора, которые непосредственно участвуют в реализации молодежной политики.

Методический материал «Год молодежи: новые вызовы и возможности» подготовлен для всех, кто интересуется вопросами реализации молодежной политики в Казахстане.

СОДЕРЖАНИЕ

методического материала на тему

«Год молодежи: новые вызовы и возможности»

ГЛОССАРИЙ

ВВЕДЕНИЕ

Глава 1. Год молодежи во всемирном контексте

1.1 Зарубежный опыт проведения года молодежи *(в каких странах был проведен год молодежи, его цель и приоритетные направления)*

1.2 Анализ форматов мероприятий, проведенные в рамках года молодежи *(проведенные мероприятия, их эффективность и результаты)*

Глава 2. Год молодежи в Казахстане: новые возможности и комплекс мер поддержки

2.1 Обзор масштабных мероприятий и проектов, реализуемых в рамках Года молодежи *(проведение анализа масштабных мероприятий, рассмотрение дальнейших перспектив программ и проектов: «Жас маман», «Жас кәсіпкер»)*

2.2 Изучение Дорожных карт по проведению Года молодежи в региональном разрезе *(проведение сравнительного анализа дорожных карт, инициативных проектов и официальных документов на предмет выявления актуальных проблем молодежи в регионах и применяемых соответствующих мер по их решению)*

2.3 Анализ действующих мер государственной поддержки молодежи *(рассмотрение действующих комплексных мер, принимаемых органами государственной власти по приоритетным направлениям: социальное обеспечение, поддержка инициатив, образование и наука, содействие занятости и др.)*

Рекомендации

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

ГЛОССАРИЙ

«БОЛЬШАЯ СЕМЁРКА» – международный клуб, объединяющий Великобританию, Германию, Италию, Канаду, США, Францию и Японию.

ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПРОГРАММА - это документ общенационального, межотраслевого характера, определяющий стратегию, стратегические направления, цели, задачи и ожидаемые результаты развития определенной сферы деятельности с указанием необходимых ресурсов.

ДОРОЖНАЯ КАРТА – это наглядное представление пошагового сценария развития определенного объекта – отдельного продукта, класса продуктов, некоторой технологии, группы смежных технологий, бизнеса, компании, объединяющей несколько бизнес-единиц, целой отрасли, индустрии и даже плана достижения политических, и социальных целей, например, урегулирования международных конфликтов и борьбы с особо опасными заболеваниями.

ИДЕОЛОГЕМА – политический термин, часть какой-либо идеологии, элемент идеологической системы. У идеологемы нет строго определенного (ограниченного) значения. Эти значения меняются в соответствии с политической прагматикой.

МОЛОДЕЖЬ – граждане РК в возрасте от 14 до 29 лет.

МОЛОДЕЖНАЯ ПОЛИТИКА – самостоятельное направление деятельности государства, предусматривающее формирование необходимых социальных условий инновационного развития страны, реализуемое на основе активного взаимодействия с институтами гражданского общества, общественными объединениями и молодежными организациями.

МОЛОДЕЖНЫЙ РЕСУРСНЫЙ ЦЕНТР – государственная организация, осуществляющая непосредственную работу с молодежью через информационное и консультационное сопровождение, обучение жизненно важным навыкам, поддержку молодежных инициатив и реализацию проектов и программ на основе потребностей молодежи.

СОВЕТ БЕЗОПАСНОСТИ ООН – постоянно действующий орган Организации Объединённых Наций, на который, в соответствии со статьёй 24 Устава ООН, возложена главная ответственность за поддержание международного мира и безопасности. Относится к числу шести «главных органов» ООН.

«NEET» – не работающий, не учащийся и не пытающийся найти работу молодой человек.



ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД - фонд, учрежденный физическими лицами, не являющимися членами одной семьи, и (или) юридическими лицами - общественными объединениями.

ФОРУМ - мероприятие, проводимое для обозначения или решения каких-либо в достаточной степени глобальных проблем. Это понятие встречается в политических, экономических, социальных, религиозных, экологических и многих других сферах жизнедеятельности современного общества.

ВВЕДЕНИЕ

Молодежь является сложной и многогранной социальной категорией населения, которая выступает в качестве движущей силы любого гражданского общества. С точки зрения развития социальной мобильности и новых перспектив молодежь требует особого внимания со стороны государственных институтов. В этом контексте на передний план выступает государственная молодежная политика.

